ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 24 қазан №1513-23-00-2/1828 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Ж.Биманованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.С.Әбдуәлиева отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ИнвестСтройГрад» жауапкершілігі шекетеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Спецавтобаза» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
жеке кәсіпкер «NS Time» С.Ж.Дарысбаев

СОҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Е.С.Смагулов
жауапкердің өкілі Г.Ж.Карабалин
үшінші тұлға С.Ж.Дарысбаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 16 мамырда «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) тарапынан Ақтөбе қаласы «Алматы» және «Астана» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелеріне №9946660-2 және №9946930-2 «қауіпті емес қалдықтарды/мүліктерді/материалдарды шығару» жұмыстары бойынша жалпы сомасы 606 473 214,29 және 889 250 000 теңгеге ашық конкурстар жарияланған (әрі қарай-конкурстар).

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 24.10.2023

Аталған конкурстарға «ИнвестСтройГрад»ЖШС әлеуетті өнім беруші ретінде ұсыным берген.

Конкурстық комиссиямен «ИнвестСтройГрад»ЖШС өтінімін қарау барысында «ИнвестСтройГрад» ЖШС мен «Спецавтобаза» ЖШС-нің арасында 2023 жылғы 9 маусымдағы №10 көлік құралдарын алдын-ала жалдау шарты жасалғандығы анықталған.

Конкурстық комиссиясы 2023 жылғы 23 маусымда «Спецавтобаза» ЖШС-не сұраныс жасап, олардың келтірген жауабына сәйкес «ИнвестСтройГрад» ЖШС мен «Спецавтобаза» ЖШС арасында 2023 жылғы 9 маусымдағы №10 көлік құралдарын алдын-ала жалдау шарты жасалды деген мәліметін жалған деп теріске шығарған.

Конкурстік комиссия жоғарыда көрсетілген мән-жайларды басшылыққа алып 2023 жылғы 27 маусымдағы №9880676 қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес «ИнвестСтройГрад» ЖШС-нің конкурстық өтінімін қабылдаудан бас тартқан.

Өтінімді қабылдау бас тартуға әлеуетті өнім берушінің материалдық еңбек ресурстарымен қамтылғаны (қызметкерлердің тәжірибесі) жөнінде ақпараттың сәйкес еместігі және дұрыс емес (жалған) мәліметтердің анықталғаны негіз болды.

2023 жылғы 21 шілдеде талап қоюшы жауапкердің әлеуетті өнім беруші ретінде біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпарат бермеуіне байланысты, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен сотқа жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, түсіндірмесінде әлеуетті өнім берушімен материалдық еңбек ресурстары бөлігінде дұрыс емес ақпарат берілген жабдықты есепке алмаған жағдайда, онымен ұсынылған қалған жабдықтың саны конкурсқа қатысу үшін жеткіліксіз. Егер, жабдық бойынша ақпарат дұрыс болғанда жауапкер 4 лот бойынша жеңімпаз болып танылатын еді. Демек, дұрыс емес ақпарат конкрустың баға ұсыныстарына әсер ететінін айтты.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап қоюды мойындамайтындығын айтып, оны қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады. Жабдық бойынша дұрыс емес ақпарат конкурстың баға ұсыныстарына әсер етпейтіні, себебі, ол конкурсқа қатысу үшін жабдықтардың жеткіліктігі жөнінде өзге қолданыстағы шарттардың ұсынғанын, одан басқа, жалған ақпарат берілмесе де конкурстік комиссия басқа негіздермен жауапкердің өтінімін қабылдаудан бас тартатын еді. 2023 жылғы 6 ақпандағы жеке кәсіпкер «NS Time» С.Ж.Дарысбаевпен жасалған өзара ынтымақтастық келісімге сәйкес, жауапкердің конкурстық құжаттамасын толығымен жеке кәсіпкер дайындаған, демек, жауапкер кінәлі болып табылмайды. Жауапкер жұмыс жасап отырған кәсіпорын болып табылады және бүгінгі таңда, мемлекеттік сатып алу бойынша жасалған шарттар негізінде шарттық міндеттерін тиісті түрде орындап жатқанын айтты.

Сот отырысында үшінші тұлға жеке кәсіпкер «NS Time» С.Ж.Дарысбаев конкурсқа қатысу үшін жауапкердің құжаттарын оның

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 24.10.2023

мекемесі дайындағандықтан, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады. «Спецавтобаза» ЖШС-нің басшысы арнайы жабдықты жалға алу шартына қол қоймағанын, алайда, онымен ауызша келіссөздер жүргізіліп алдағы уақытта шарт жасалатындығы жөнінде келісілген. «ИнвестСтройГрад» ЖШС-не қатысты талап қоюды қанағаттындырудан бас тартуды сұрап, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы тізіміне енгізе отырып өзін жауапкер ретінде тартуды сұраған.

«Спецавтобаза» ЖШС-нің өкілі жауапкермен арнайы жабдықты жалға алу алдын-ала шарта жасалмағанын сотта растады. Сотқа өтініш жолдап, азаматтық істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 8-бабының талаптарына сай, азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс.

Бұл міндетті шарт арқылы алып тастауға немесе шектеуге болмайды. Азаматтық құқық қатынастарына қатысушылардың адал, парасатты және әділ әрекет жасауы көзделеді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 9-бабының 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы тиіс.

Заңның 11 бабына сәйкес біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Сотта анықталғандай, жауапкер конкурсқа әлеуетті өнім беруші ретінде қатыса отырып, біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпарат бермеген. Көлік құралдарын алдын-ала жалдауға шарты жасалғандығы туралы жалған ақпарат көрсеткен. Бұл жағдай «Спецавтобаза» ЖШС-нің өкілінің жауабымен дәлелденеді. Сонымен қатар, дұрыс емес ақпарат берілгені жөнінде үшінші тұлға жеке кәсіпкер «NS Time» С.Ж.Дарысбаевтың «Спецавтобаза» ЖШС-нің басшысы шартқа қол қоймады деген түсіндірмесімен расталады.

Жауапкердің талап қоюда көрсетілген негіздер конкурстың нәтижесіне немесе баға ұсынысына әсер етпейтіндігі және жауапкер тарапынан конкурстар бойынша ұқсас және орнын толтыратын техникалар қосымша ұсынылғандығы туралы уәждері негізсіз деп таниды, себебі әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы дұрыс мәліметтер

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 24.10.2023

беруге тиіс. Жауапкермен ұсынылған конкурстық өтінімінде көрсетілген қоқыс таситын көлік (конкрустық өтінімінің 17-тармағы), вакуумдық көлік (4-тармақ), Беларусь тракторы (34-тармақ), трактор тіркемесі (46-тармақ), тиегіш (41-тармақ) бойынша көрсетілген дұрыс емес ақпарат жауапкердің біліктілігінің сәйкестігін анықтау үшін конкурстық өтінімде міндетті талаптар болып табылады. Басқа қосымша жабдық әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жоқ. Жауапкердің өзара ынтымақтастық келісімге сәйкес, конкурс құжаттарын жеке кәсіпкер «NS Time» дайындағанына байланысты жауапкершілікті ол тарту қажет деген уәждерін сот негізсіз деп санайды. Себебі, Заңмен дұрыс емес ақпарат бергені үшін жауапкершілікке әлеуетті өнім беруші болып табылмайтын үшінші тұлғаға жүктеу қарастырылмаған.

Жауапкердің өзге мемлекеттік сатып алу бойынша жасалған шарттар негізінде шарттық міндеттерін тиісті түрде атқарып жатқаны жөнінде уәждері де дұрыс емес ақпарат бергені үшін оны жауапкершіліктен босатуға негіз болып табылмайды.

Бұл тұрғыда, сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшыдан жергілікті бюджетке 1725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріліуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ИнвестСтройГрад» жауапкершілігі шекетеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ИнвестСтройГрад» жауапкершілігі шекетеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Ж.Ж.Биманова

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 24.10.2023

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 24.10.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»